

## Қосымша 2.

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысын орындау шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес ұйымдарының активтерін сатуға шығару барысы туралы есеп

ҚР Үкіметінің № 908 қаулысына 2 және 5-қосымшаларға Қор тобының 29 активі енгізілген: оның ішінде Қордың 7 ірі активі және портфельдік компаниялардың 22 ірі емес активі.

2023 жылы 1 актив бойынша іс-шара аяқталды:

- ◆ **«KEGOC» АҚ (SPO)** — жалпы сомасы 22,6 млрд теңгеден асатын 15 294 118 жай акция немесе орналастырылған акциялардың жалпы санының 5,6%-ы сатылды; бөлшек инвесторлардың үлесі 2%-дан 5,7%-ға дейін өсті, еркін айналымдағы акциялар саны (БЖЗҚ-ны есептемегенде) 3%-дан 8%-ға дейін өсті, бұл қайталама нарықта өтімділіктің 20 есе өсуіне ықпал етті.

2024 жылы 2 актив бойынша іс-шаралар аяқталды:

- ◆ **«Эйр Астана» АҚ (IPO)** — 1 жаһандық депозитарлық қолхаттың бағасы 9,5 долларды, ал 1 жай акция үшін 1 073,83 теңгені құрады. Орналастыру аясында 370 млн АҚШ доллары тартылды. Орналастырылғаннан кейін Қордың үлесі 41%-ға дейін төмендеді.
- ◆ **«East Cooper» ЖШС (тікелей атаулы сату)** — 2024 жылғы 7 ақпанда «Қазгеология» АҚ мен «Standard Minerals» ЖШС арасында «East Cooper» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 25%-н сатып алу-сату шартына қол қойылды.

Сондай-ақ, № 908 ҚРҮК 6-қосымшасына енгізілген бір актив бойынша сатып алу-сату шартына қол қойылды: **«Полимер Продакшн» ЖШС.**